

**«Майлин атындағы мектеп-балабақша кешені»КММ
Шолақорда ауылы**

**«Қамқоршылық кеңес» отырысының
ХАТТАМАСЫ №5**

Өтілген күні: 19.05.2023 ж.

Қатысқандар: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Мағзиева.
Қамқоршылық кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Кеңес төрағасын қайта сайлау.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
3. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары.

Тыңдалды:

1-мәселе

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Аида Касебаева сөз сөйлеп, осы уақытқа дейін кеңес төрағасы қызметін атқарып келген Азамат Хасеновтың өз өтініші негізінде бас тартуына байланысты, кеңес мүшелерінің көпшілігінің ұсынысы бойынша Ермек Рысбековтың үміткерлігін ұсынды. Және де бұл шешім бір ауыздан қабылданып, Рысбеков Е қағаз жүзінде өз келісімін берді.

2- мәселе

мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Мағзиева алдағы жазғы демалыс уақытында, оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мақсатында қандай шаралар жоспарланып жатқанын таныстырды. Оның ішінде жазғы лагерь бойынша каникул уақытында мектебімізде еңбек лагерьі және мектеп жанындағы лагерь жұмыс жасайтынын, сонымен қатар «Сеңгір» лагерьлерге оқушыларымызды жіберу жоспарын жеткізді. Және де кеңес мүшелері аз қамтылған отбасылар мен жетім балаларды жазғы каникул уақытында лагерьлерге жіберуді дұрыс ұйымдастыру үшін өз көмектерін көрсетенің жеткізді.

3 мәселе

мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Мағзиева алға қойған мақсаттарымыздың бірі мектеп ауласын абаттандыру жұмыстарының жоспарымен кеңес мүшелерін таныстырды. Ол бойынша жазғы уақытта мектеп ауласында ағаштар отырғызу жоспарланғандығын және оған демеушілер қажеттігін жеткізді. Кеңес мүшелері бұл мәселе бойынша өз ойларын ортаға салып, демеушілік жасауға келісім берді.

Шешім:

1. Кеңес төрағасы лауазымына Е.Рысбеков тағайындалсын.
2. Оқушылардың жазғы демалысын тиісті деңгейде ұйымдастру.
3. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстарын бірлесіп жүргізу.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Хатшы:



А.Хасенов
Б.Қажыбаева